

Бекітемін:

«Қызылорда облысының білім басқармасының
Қазалы ауданы бойынша білім бөлімінің
№21 «Алпамыс» бөбекжай- балабақшасы»

КМҚК меңгерушісі :  Ж.Коланова



**«Алақай, балақай» қуыршақ театры үйірмесінің
жылдық жоспары**

Үйірме жетекшісі: Жолмырзаева Айнұр

«Алақай, балақай» қуыршақ театрының жоспары

2025-2026 оқу жылы

р/с	Тақырыптары	Театр түрі	Мерзімі	Қай топпен жүргізіледі	Кіммен жүргізіледі	Жауапты
1	Ертегіде кездесейік.	Сахналық қойылым	Қазан, 2025ж	«Айгөлек» ортаңғы тобы Балабақша ата-аналары	Балабақша ата-аналары	Үйірме жетекшісі Жолмырзаева А Алдажарова Г Сүлейменова А Музыка жетекшісі, хореограф
2	«Орман аңдары» ертегісі	Сақналық қойылым	Қараша, 2025ж	«Кұлыншақ» кіші топ тәрбиешілері		Үйірме жетекшісі Жолмырзаева А Нұртай Айсәуле Сержанова Бегзат Музыка жетекшісі, хореограф
3	«Ертегілер әлемі»	Көрме	Желтоқсан, 2025 ж	Алпамыс» «Кұлыншақ» «Тілашар» «Балапан» кіші топтар	Тәрбиешілер және мамандар	Үйірме жетекшісі Жолмырзаева А Топ тәрбиешілері
4	Әжем айтқан ертегі Тықыр түлкі мен қу қоян	Сүйек театры	Желтоқсан, 2025ж	«Әжелер» мектебі «Балдырған» ортаңғы тобы ата-аналар	«Әжелер» мектебі	Үйірме жетекшісі Жолмырзаева А Үйірме мүшесі Кадирова Ж Жолмырзаева Г Музыка жетекшісі, хореограф
5	« Мақтаншақ қыз» мультфильмін тамашалау	Мультфильм тамашалау	Ақпан, 2026ж	«Ботақан» ересектер тобы	Демекбай Аселя Баймұрза Медина Шыңғыс Әмір Асылбек Рамазан	Үйірме жетекшісі Жолмырзаева А Назарбаева А

6	«Аю мен қояндар» ертегісі	Сүзгі театры	Сәуір, 2026ж	«Еркетай» ортаңғы тобы	Сергей Жансая Байтелин Әмір Баймұрза Медина Шыңғыс Әмір	Үйірме жетекшісі Жолмырзаева А Қазмамбетова Т
	«Тышқан, ит, және мысық» ертегі	Конус театры	Мамыр, 2026ж	«Ақерке» ересектер тобы	Тілеуұлы Айсұлтан Сағынтай Кәусар Әділ Әлинұр Мирамбек Әли Асқар Мәдина	Үйірме жетекшісі Жолмырзаева А Бауыржан А Музыка жетекшісі, хореограф
8	«Алма» ертегісі	Қасық театры	Маусым, 2026ж	«Балдәурен» ересектер тобы	Абзал Хамза Теңізбай Мереке Жаңалық Алдияр Дүйсен Айя Сұлтанбек Ғафур	Үйірме жетекшісі Жолмырзаева А Тұрғанбай С
9	«Нан қайдан шығады?»	Орамал театры	Шілде, 2026ж	«Ақбота» ересектер тобы	Асылбек Рамазан Айтуған Айнұр Ғабитұлы Жантөре Дарменқұл Әбдімәлік	Үйірме жетекшісі Жолмырзаева А Уразымбетова Г
10	«Адасқан құмырсқа» ертегісі	Конус театры	Тамыз, 2026ж	«Айналайын» мектепалды тобы	Сергей Жансая Байтелин Әмір Баймұрза Медина Шыңғыс Әмір Ақылбек Сүлеймен	Үйірме жетекшісі Жолмырзаева А Бауыржан А

«Алақай, балақай» қуыршақ театры

Мақсаты: - Ертегі арқылы мектепке дейінгі жастағы балалардың сөйлеу қабілетін дамыту, байланыстырып сөйлеу дағдыларын қалыптастыру. Эмоциялық күйін, қиялын, шығармашылығын дамыту. Кейіпкерлерді дауыс, ырғақ арқылы көрсетуге үйрету. Балаларды қол жетімді көркем шығармалар мен фольклорға, театр әлеміне баулу. Ертегіні ойнау арқылы достық, мейірімділік, ұқыптылық қасиеттерін тәрбиелеу.

Міндеттері:

Сахналық қойылымдарға қатысуға баулу, онда рөлді, сюжетті таңдауда бастамашылық пен дербестік танытуға ынталандыру, белгілі образды сомдауда эксперимент жасауға, түрлендіруге мүмкіндік беру.

- Шығарма мазмұнын сюжеттің бірізділігін сақтай отырып, эмоциямен, қисынды қайталап айтып беру, диалогтік сөйлеуді дамыту, кейіпкерлерге және олардың әрекеттеріне өз көзқарасын білдіру. Әдеби кейіпкердің белгілі бір әрекетін өзінің қалай қабылдағаны туралы айту, кейіпкерлердің жасырын әрекетін түсіну.

- Көркем шығарманы рөлдерге бөліп, сахналау, рөлдерде кейіпкердің көңіл күйі мен мінезін, бейненің қимылын, интонациясы мен мимикасын беру, қойылымдағы өзінің рөлін мәнерлі дербес орындау.

- ересектермен және балалармен еркін қарым-қатынас жасау дағдыларын жетілдіру.

Бекітемін:

“Қызылорда облысының білім басқармасының

“Қазалы ауданы бойынша білім бөлімінің № 21 “Алпамыс”

бобекжай-балабақпасы” коммуналдық мемлекеттік қазыналы

кәсіпорнының меңгерушісі:  Ж. Коланова



«Үйшік» ертегісі

«Айгөлек» ортаңғы тобы

Үйірме жетекшісі: Жолмырзаева Айнұр

Тәрбиеші: Алдажарова Гулдана

Тақырыбы: «Үйшік» ертегісі (сахналық қойылым)

Мақсаты: Балаларды «Үйшік» ертегісімен таныстыру. Ертегінің мазмұнын түсіндіру арқылы, сөздік қорын, сөйлеу мәдениетін, ойлау қабілетін дамыту. Сахналау барысында жағымды-жағымсыз кейіпкерлердің бейнесіне еніп, олардың мінез-құлқын келтіру. Балаларды достыққа, татулыққа тәрбиелеу.

Көрнекіліктер: Тышқан, түлкі, қоян, қасқыр, аю, үйшік үйі, музыка.

Рөлдерде ойнайтын ата-аналар:

Автор: (тәрбиеші Жолмырзаева А)

Тышқан: (тәрбиеші Алдажарова Г)

Бака: Сағынай Ерзат

Түлкі : Тажимбетова Айгул

Қоян: Арықбай Үміт

Қасқыр: Фазылбек Балнур

Аю: Кеулімжай Анар

(Сахна ертегі желісіне сәйкес безендірілген, жағымды музыка әуені ойнап тұрады.)

Балалардың кіруі.

Ауызда қассада 1 бала билет сатып отырады, ертегі көруші балалар кіру билет сатып алып орындарына отырады.

Автор: (Жолмырзаева А тәрбиеші) Ерте, ерте, ертеде орманда кіп-кішкентай ескі үйшік тұрған.

Бірде орманда серуендеп жүрген кіп –кішкентай өтіп бара жатқан тышқан көріп қалады.

Тышқан (тәрбиеші Алдажарова Г) Ой мына үйдің сүйкімдісін ай неткен әдемі үйшік. Бұл үйде кім тұрады екен? тук-тук, тук-тук сүп- сүйкімді, кіп-кішкентай бұл үйшікте кім бар?

Автор: (Жолмырзаева А тәрбиеші) Тышқан әрі тыңдап, бері тыңдап үйшіктен ешкім үндемейді.

Тышқан: (тәрбиеші Алдажарова Г) **шиқ-шиқ-шиқ** мына әдемі үйшікте ешкім тұрмайтын болғаны ма? Неге тым тырыс? Онда мен ішіне кіріп көрейін.

Автор: (Жолмырзаева А тәрбиеші) Тышқан үйшікке қызығып ішіне кіріп тұрып жатады. Кененттен бақа бақылдап шыға келеді.

Бақа: - (Сағынай Ерзат) Бақ,бақ,бақ сүп- сүйкімді, кіп- кішкентай бұл үйшікте кім бар?

Тышқан: (тәрбиеші Алдажарова Г) - шик,шиқ,шиқ мен тықырлауық тышқанмын!Бұл үйде ешкім тұрмағасын мен тұрып жатырмын үй кең әдемі,жып жылы жайлы екен әрі қауіпсіз. Ал сен кім боласын?

Бақа: - (Сағынай Ерзат) Бақ,бақ,бақ мен бақылдауық бақамын неткен керемет үйшік менде тұрсам болама?

Тышқан: (тәрбиеші Алдажарова Г) Әрине болады кел, бірге тұрайық жақсы дос болармыз.

Автор: (Жолмырзаева А тәрбиеші) Бақа бақылдап үйшікке секіріп кіреді.

Тышқан екеуі тіл табысып, бірге тұрады. Енді үйшік қасына ытқып- ытқып қоян келеді.

Қоян: (Арықбай Үміт) Сүп- сүйкімді, кіп- кішкентай бұл үйшікте кім бар?

Тышқан: (тәрбиеші Алдажарова Г) Мен тықырлауық тышқан бармын

Бақа: - (Сағынай Ерзат) Мен бақылдауық бақа бармын. Ал сен кімсің?

Қоян: (Арықбай Үміт) мен қорқақ қоянмын!

Екеуі: - Неткен сүйкімді едің кел, бірге тұрайық.

Автор: (Жолмырзаева А тәрбиеші) қоянда үйшікке кіреді. Осылай үшеуі бірге өмір сүріпті. Алыстан бұл үйшікті түлкі көреді. Ақырын басып жақын келіп үйді айналып жүреді.

Түлкі: (Тажимбетова Айгул) Ой мына үйшіктің әдемісін аййй бұл кімнің үйшігі болды екен? Сүп-сүйкімді бұл үйшікте кім бар ?

Тышқан: (тәрбиеші Алдажарова Г) - Мен тықырлауық тышқанмын!

Бақа: (Сағынай Ерзат) мен бақылдауық бақамын!

Қоян: - (Арықбай Үміт) Мен қорқақ қоянмын! Ал сен кімсің?

Түлкі: - (Тажимбетова Айгул) Мен осы орманның ең сұлу түлкішегі боламын.

Үшеуі: - Неткен әдемі көйлегің,сумқаң қандай әдемі өзің сондай сүйкімді екенсің кел, бәріміз бірге тұрайық.

Автор: (Жолмырзаева А тәрбиеші) Үйшіктен түлкіге де орын табылады. Достар енді төртеу болады. Орманда қарны ашып тамақ іздеп жүрген айналасына алақ- жұлақ қарап қасқыр жетеді. Ол есікті қағып, қырылдаған даусымен:

Қасқыр: (Фазылбек Балнур) **ау,ау,ау** бұл үйшікте кім бар?Менің қарным ашып тұр тамақ болса күшті болып кетер еді.

Тышқан: (тәрбиеші Алдажарова Г) -Мен тықырлауық тышқанмын!

Бақа: (Сағынай Ерзат) мен бакылдауық бақамын!

Қоян: (Арықбай Үміт) Мен қорқақ қоянмын!

Түлкі: (Тажимбетова Айгул) Мен қу түлкімін! Ал сен кімсің?

Қасқыр: (Фазылбек Балнур) Мен сұр қасқырмын! Масаған бәрің бірге тұрасыңдар ма? Менімен ешкім дос емес мен бір өзім ешкім менімен ойнамайды.

Бәрі: Жок жок қасқыр сен ешқандай көңіліңді түсірме бізбен бос болып осы үйде бәріміз бірге тұруға қалай қарайсың?

Қасқыр: (Фазылбек Балнур) Әрине, менде сендермен бірге тұрғым келеді. Сендердей дос тапқанымға қуанып тұрмын.

Автор: (Жолмырзаева А тәрбиеші): -Қасқыр қысыла- қымтырыла ішке кіреді. Әйтседе кіп – кішкентай үйшікке бесеуіде сыйып кетеді. Барлығы қосылып ән айтады. Тату –тәтті өмір сүреді. Бір күні жидек теріп жүрген аю үйшік тұрғындарының салған әнін естиді. Ол үйшікке жақын келіп, бар даусымен:

Аю: (Кеулімжай Анар) Сүйкімді, кіп- кішкентай бұл үйшікте кім бар?!

Тышқан: (Алдажарова Г) -Мен тықырлауық тышқанмын!

Бақа: (Сағынай Ерзат) мен бакылдауық бақамын!

Қоян: (Арықбай Үміт) -Мен қорқақ қоянмын!

Түлкі: (Тажимбетова Айгул) -Мен қу түлкімін!

Қасқыр: (Фазылбек Балнур) - Мен сұр қасқырмын! Ал сен кімсің?

Аю: (Кеулімжай Анар) - Мен қорбаңбай аюмын!

Бәрі: - Кел, бірге тұрайық.

Автор: (Жолмырзаева А тәрбиеші) Аю ары- бер тырбаңдап үйшікке кірмекші болады. Бірақ оның басы сиғанымен денесі сыймайды. Амалы таусылған аю:

Аю: (Кеулімжай Анар) Ендеше, мен үйшіктің шатырына шығып тұрайын.

Бәрі: - Жок, кара қандай дәусің! Сені кішкентай үйшігіміз көтере алмайды. Қиратасың ғой.

Аю: (Кеулімжай Анар) Қорықпаңдар түкте болмайды.

- деп аю олардың сөздеріне құлақ аспайды.

Автор: (Жолмырзаева А тәрбиеші) Аю қорбаңдап үйшіктің төбесіне шығады. Сол- ақ екен , ескі үйшік сықырлап шашылып қалады. Тықырлауық тышқан, бакылдауық бақа, қорқақ қоян, қу түлкі, сұр қасқыр барлығы аман – есен үйшіктен шығып үлгереді.

Бекітемін:



«Қызылорда облысының білім басқармасының
Қазалы ауданы бойынша білім бөлімінің
№ 21 «Алпамыс» бөбекжай-балабақшасы»
ҚМҚК менгерушісі *Шүжәт* Ж.Қоланова

Тақырыбы: «Түлкі мен құмыра»

Тәрбиеші: Кадирова Жаңагүл

Сәуір, 2026 жыл

Тақырыбы: «Түлкі мен құмыра»

Міндеттері: балаларды қазақ халқының «Түлкі мен құмыра» ертегісінің мазмұнымен таныстыру;

Қолғап театры арқылы кейіпкерлердің іс-әрекетін түсіндіру;

Ойын арқылы ептілік пен жылдамдыққа баулу;

Тәрбиелік мәні: балаларды әр істі ойланып жасауға сабырлылыққа тәрбиелеу;

Кейіпкерлер: Түлкі, Қоян, Аю

Автор Жанагүл: Бір күні әдемі, үлпілдек Түлкі орман шетінде келе жатып, гүлдердің арасынан бір құмыраны көріп қалады. Оған басын тығып, қаймақты жеп қояды да басы шықпай қалады. Сол кезде оның алдынан Қоян шығады.

Қоян Айсауле: Ой, Түлкі, саған не болған? Басыңа не киіп алғансың?

Түлкі Жансая: (түншығып) Күлме, Қоян! Маған көмектесші, мына құмыра мені жібермей тұр.

Қоян Айсауле: Жарайды, мен сенің құйрығыңнан тартайын, сен басыңды тарт! (Қоян Түлкіні тартады, бірақ ештеңе шықпайды)

Қоян Айсауле: Жоқ Түлкі күшім жетпеді. Мен Аю ағаны шақырып келейін! (Қоян жүгіріп кетеді)

Автор Жанагүл: Қоян жүгіріп келе жатып, жидек жеп жүрген Аюды көреді

Қоян Айсауле: Аю аға, аю аға! Мұнда жүріңіші, Түлкі үлкен бәлеге тап болды. Басын үлкен құмырадан шығара алмай жатыр, көмегіңіз керек!-дейді ентігіп.

Автор Жанагүл: Аю ауыр басып Түлкіге келеді. Құмыраны екі жағынан қысып тұрып:

Аю Гүлзира: Қане Түлкі, сен артық қимылдама, мен қазір бұл құмыраны сындырмай ақырын тартамын, дейді. Аю өзінің дәу табандарымен құмырадан ұстап, бір тартқанда Түлкінің басы болп етіп шыға келеді.

Түлкі Жансая: Рахмет саған, Аю аға! Рахмет Қоянжан!

Түлкі Жансая: Рахмет саған, Аю аға! Рахмет Қоянжан!

Сендер болмағанда мына қараңғы құмырадан шыға алмас едім, деп ризашылығын білдіреді